

ЕЛІМІЗДЕГІ ТҰҢҒЫШ АВТОБУС ЗАУЫТЫ

 Ержан ӘБІШЕВ

Бүкіл Қазақстанға әйгілі Семей арматура зауыты тоқсаныншы жылдардағы тоқырауда жабылып, ғимаратының қаңқасы ғана қалған болатын. Міне, сол арматура зауытының аумағында былтыр автобус құрастыратын жаңа кәсіпорын ашылды.

Жаңа зауыттың іргесін қалау жұмыстары 2006 жылы басталған. Көп ұзамай-ақ заманауи кәсіпорынның құрастыру цехтары, жеке қазандығы мен әкімшілік ғимараты бой көтеріпті. Жалпы аумағы сегіз гектарды алып жатқан «Семей автобус құрастыру зауытына» құйылған инвестиция бес миллионнан астам АҚШ долларын құрайды. Цехтарға өлемдік стандарттарға сай әрі соңғы үлгідегі корейлық жабдықтар орнатылған. Кәсіпорында 140 адам жұмыс істейді. Жұмысшылардың еңбекақысы 35-40 мың теңгеден төмен емес. Мамандар негізінен жергілікті тұрғындардан іріктелген.

Өткен жылдың қыркүйегінде іске қаріскен «СемаА3» қазірде «Дэу Бас Глобал Корпорейшн» атты алпауыт

компаниямен бірлесіп ұзындығы тоғыз метрлік «Дэу BS090» маркалы автобустарын шығаруда. Машина бөлшектерінің негізгі комплектісі Оңтүстік Кореядан әкелінеді. Өткен жылы автозауыт 36 көлік құраған, биыл кәсіпорын басшылығының өндіріс көлемін бес есеге дейін өсірмек ойлары бар.

Зауыттың бас директоры Әсемхан Досқожановтың айтуынша, автобустар Қазақстан қалаларынан басқа, Ресей, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан сияқты достастық елдеріне сатылуда. Семейде шығарылатын автобустарды сатып алу оларға тиімді, себебі, Кореядан тікелей әкелсе қымбатқа түседі, ал Қазақстаннан алған жағдайда кеден салығынсыз құны әлдеқайда арзан болады.



Озық технологияларды игерген «СемаА3» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі енді жылына екі жарым мыңдай ресейлік «ПА3» маркалы автобустарын көлемін үлкендеу етіп құрастыруды көздеп отыр. Көлік жинау кәсіпорны «Павлов автобус зауыты» ашық акционерлік қоғамымен «ПА3-32053» және «ПА3-4234» моделдерін шығаруға лицензиялық келісім-шарт жасасқан. Бұл аталмыш ресейлік автобустардың бағасын төмендетіп, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік бермек.

СУРЕТТЕ: «Дэу BS090» автобустары.

Сурет автордікі.